



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Таблица 1 – Теория множественности видов интеллекта для педагогов

Теория множественности видов интеллекта	
<i>Лингвистический интеллект</i>	Способность использовать язык для того, чтобы создавать, стимулировать поиск или передавать информацию (<i>журналист, писатель, поэт</i>).
<i>Музыкальный интеллект</i>	Способность исполнять, сочинять музыку (<i>композитор, певец</i>).
<i>Пространственный интеллект</i>	Способность представлять, воспринимать объект и манипулировать им в уме, воспринимать и создавать зрительные или пространственные композиции (<i>архитектор, инженер, хирург</i>).
<i>Телесно – кинестезический интеллект</i>	Способности формировать и использовать двигательные навыки в спорте, исполнительском искусстве, ручном труде (<i>танцовщица, спортсмен, художник</i>).
<i>Личностный интеллект</i>	Представляет собой способность управлять своими чувствами, различать, анализировать их и использовать эту информацию в своей деятельности.
<i>Интроличностный и интерличностный интеллект</i>	Способность замечать и понимать потребности и намерения других людей, управлять их настроением, предвидеть поведения в разных ситуациях (<i>педагог, психотерапевт</i>).
<i>Логико – математический интеллект</i>	Способность исследовать категории, взаимоотношения и структуры путем манипулирования объектами или символами, знаками и экспериментировать упорядоченным образом (<i>математик, ученый, исследователь, инженер</i>).

Бытует мнение, что труд учителя – неблагодарная работа. Опровергнуть это мнение может только тот, кто посвятил жизнь педагогической деятельности. «Я отдаю свое сердце детям», – назвал одну из своих книг Василий Сухомлинский, проработавший в школе более тринадцати лет. Эта прекрасная метафора выражает суть педагогической деятельности, если она становится профессией.

Русский педагог К.Д.Ушинский (1823–1956) очень точно отметил важность роли учителя в прогрессивном развитии общества «Учитель, поднявшийся на уровень современного образования, чувствует себя живым, активным членом великого организма, борется с невежеством и пороками человечества, посредником между всем, что было благородным и высоким в истории прошлых людей, и новым поколением, хранитель священных заповедей, который боролся за истину и добро. Он чувствует себя живым звеном между всемогущим ратоборцем прошлого и будущего, истины и добродетели и понимает, что его скромность по внешнему виду – одно из величайших дел истории, что королевства основаны на нем и живут целые поколения» [4, с. 35–46]

Список литературы:

1. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. Алматы: Гылым, 1998 ж.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 1998 ж.
3. Дружинин В.Н. Когнитивные способности: структура, диагностика, развитие. М.: Пер Сэ, 2001. 37 – 41 с.
4. Макаренко А.С. «Лекции о воспитании детей». Изд. 1937 г.

ӘОЖ 37.034

ҚАЗАҚТЫҢ АҒАРТУШЫ ҰСТАЗДАРЫ

Саукумбаева Гульбарам Тюлюбаевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Тобыл қаласы мектеп – гимназиясының
Тобыл қаласы, Қазақстан
E – mail: gulbaram.saukumbaeva.1973@mail.ru

Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты: Мақала әр халықтың болашаққа бет алған тарихи даму жолында жарық жұлдыздай болып бағыт – бағдар сілтеген, ұлы ағартушы, педагогтар туралы. Педагогикалық асыл мұрасы тарихқа да, әдебиетке де тән, ұстаздық тәрбиелік ой – пікірлері қазақтың таусылмас қайнар бұлағы, қазынасы.

Түйінді сөздер: ағартушы, ой – пікірлер, ағартушылық идеялары, тәрбиелік мағынасы, бай мұра.

Аннотация

Актуальность/цель: Статья о великих просветителях и педагогах, сиявшие звездами на пути исторического развития народа, устремленного в будущее. Педагогическое наследие свойственно и истории, и литературе, педагогические идеи воспитания являются неисчерпаемым источником и сокровищем казахского народа.

Ключевые слова: просветитель, мнения, просветительские идеи, воспитательное значение, богатое наследие.

Abstract

Relevance and goal: An article about the great educators and teachers who shone like stars on the path of the historical development of a people striving for the future. The pedagogical heritage is characteristic of both history and literature, pedagogical ideas of education are an inexhaustible source and treasure of the Kazakh people. Key words: educator, opinions, educational ideas, educational value, rich heritage

Ыбрай Алтынсарин – ғалым – педагог, ғұлама ағартушы, мектеп үйлерін соқтырған ұлы тұлға. «Мен қазақ жастарының классикалық гимназияларда, ауыл шаруашылық академияларында оқып білім алуын, өз халқына қызмет етуін, жаңалықты іс жүзінде көрсете білуін жоғары мұрат деп білемін», – дей келе, қазақтың ұлы Ұстазы Ыбырай Алтынсарин өзінің ардақты борышы – балаларды оқыту деп түсінді. Өмірінің соңғы күндеріне дейін ағартушылық – педагогикалық қызмет оның тыныс – тіршілігінің негізгі арқауы, басты өзегі болып өтеді. Өткен ғасырдың орта шенінде қазақ даласында жаңа мектеп ашу ісі қиынның қиыны еді. Мектеп үйі, оқытушы, оқу құралдары, т.б. нәрселер көшпелі қазақ санасына оншама орнықпаған ұғымдар болатын. Бұл айтылғандарға қоса осындай игілікті іске қожа, молда, бай, болыс, патша әкімдері барынша салқын қарады. Оқу білімнің мән – мәнісін түсінуге халық санасындағы ескі стереотиптер де кесел болмай қойған жоқ. Бірақ осы айтылғандардың бәрі Алтынсариннің таудай талабына бөгет бола алмады. Осы мақсатпен ол қысы – жазы ел – елді аралап, халықты өнер – білімге шақырып қана қоймай, мектеп ашу үшін қаражат жинайды. [1, б. 3] Ы.Алтынсарин балаларға сабақты өте қызықты, түсінікті етіп өткізуші еді. Мәселен, молдалардан сабақ алған балалар бір жыл ішінде өздері хат таныса, Ыбырайдан оқыған балалар небәрі үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды. Ыбырай Алтынсарин өз замандастары Шоқан, Абай сияқты Ресей өңірінің түкпір – түкпірлеріне жеткен сол кездегі алдыңғы қатарлы озық идеяларымен шамасынша сусындайды. [1, б. 4] Баршамызға бастауыш сыныптардан етене таныс, әрі ыстық «Кел, балалар, оқылық!» – Қазақ хрестоматиясының» беташар өлеңі. Жазылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, жас жеткіншіктерді білімге, өнерге шақырған бұл өлеңнің маңызы, бір кезде Ыбырай армандаған «өнері – білімі бар жұртқа» – терезесі тең, шаңырағы биік, мәдениеті озық елге айналып отырған бүгінгі заманда да еш төмендемек емес. Қайта халқымен бірге жасасып, ұлы ағартушының арман – сәлемін жақсы күндерге жеткізген бұл тарихи туындының социалистік дәуірде жаңа мәнге ие болып, бүгін де мәңгі тозбас озық халықтық идеясымен бүлдіршіндерді білім бағына шақыра бермек. Алтынсарин құрастырған «Қырғыз хрестоматиясы» тарихи – мәдени көзқарас жағынан және оның педагогикалық құндылығы жағынан тамаша ескерткіш. Бұл хрестоматияны құрастыруда ондағы материалды сұраптауда оның идеясының халықтығы, гуманизмі, демократизмі және Отанын сүйіп жетекшілікке алынды. Алтынсариннің хрестоматиялық материалындағы ең негізгісі еңбекке тәрбиелеу мәселесі болып табылады. Хрестоматияға енген, балаларға арналған мақалалары мен әңгімелерінде Алтынсарин еңбектің ұлы маңызын көрсетеді және еңбекке деген құрметі мен сүйіспеншілігін білдіреді. Оның әңгімелерінде бейнелегендей қазақ халқының еңбекші бұқарасынан шыққан балалар өздерінің ақылы, ой – өрісі, қабілет тілегі, адамгершілік қылығы, мінезі жағынан ерекшілікке ие болады. Ауызша әңгіменің ойлау мен жазбаша жаттығулардың көптеген әдістері туралы түсіндірмесінде ол балалардың әрбір еңбегінің құр босқа ойсыз жаттауға жұмсалмай мағыналы және жүйелі болуы керек екенін жазды. Әрі қарай ол балаларды тәрбиелеуде үстіртін және мардымсыз түсініктердің, шалағайлықтың болмауы керек екенін ескертті. Ол нашар оқыту мен нашар қарым – қатынас балалардың басын қатырып, шатастыратынын, ал керісінше, балалар сергек, олармен қарым – қатынас неғұрлым жақсы, оқушылардың көкейіне әсер неғұрлым көп болса, сабақ соғұрлым табысты болатынын нақтылы мысалдар арқылы түсіндірді. Алтынсарин қандайда болмасын оқулықтардың құнды жақтарын меңгеріп, оларды қазақ мектептерінде пайдалануға бар күшін салды... Оқу методтары мен балаларды оқыту тәсілдерін Ы.Алтынсарин мұғалімдерге олардың кең тәрбиелік мағынасында түсіндіретін: а) оқыту методтары – балалардың жүре келе мектепке, сабаққа, кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын жол; ә) сабақта балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар қажет, мысалы, әңгіме, түсіндіру арқылы оқыту методы. Бұл көрнекілік заттарды және өмір фактілерін пайдалануға көмегін тигізеді: заттарды және құбылыстарды суреттеу, олардың қасиеттерін салыстыру, әр түрлі қорытындылар жасау. Сондықтан да балаларда дұрыс ойлау қабілеті қалыптаса бастайды. [1, б. 148] Оқытушы кіммен істес болып отырғанын еш уақытта да ұмытпауы керек. Ол балалармен істес болып отыр, егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс. Ол

балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлеуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен, түсінікті етіп түсіндіру керек. [2, б. 123] Алтынсарин тұсында Қазақстанда педагогика білімінің негізі қаланды. Алтынсарин маман және дайындығы мол мұғалімсіз мектептің болуы мүмкін емес деп, қазақтардан мұғалімдер дайындауға күш салды. Материалды саналы түрде меңгеру, есте сақтау және дұрыс сөйлеуге дағдылануда ол әсіресе мұғалім рөлінің, көрнекі құралдарды қолданудың пән сабақтарының маңызын ерекше атап көрсетті..... [3, б. 148] Өнер – білімді дәріптейтін өлең орыс әдебиетінде Ломоносовтан басталса, қазақ әдебиетінде Ыбырайдан басталады. Оның өлеңдері жаңашылдығы, болашақты меңзеуі жағынан поэзияның прогресс жолындағы үлкен қызметін дұрыс танығандықтың бір айғағы. Ыбырай 1880 – ші жылдардан бастап қазақтың жаңа поэзиясы мен прозасын жасады. Ол қазақтың жазба әдебиетінің негізін жасаушылардың бірі. Ыбырай поэзиясының дәстүрін Абай, одан соң С.Көбеев, С.Торайғыровтар дамыта түсті»Спандияр Көбеев педагогикалық еңбекті Ы.Алтынсариннің ағартушылық жолымен жүргізіп, халық арасында үлкен беделге ие болады. Ол Ыбырай Алтынсарин ашқан ауылдық орыс – қазақ мектебінде сауат ашып, кейін 1901 жылы Қостанайдағы мұғалімдер даярлайтын курсты бітіреді. Спандияр Көбеев ұзақ жылдар бойы Қостанай өңірінде қазақ балаларына орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Ұстаздық жұмысты жазушылық қызметпен тығыз ұштастырды. Өзі оқытқан шәкірттерінің сыныптан тыс оқуына арнап орыс жазушылары мен ағартушыларының тәрбиелік мәні зор бірқатар шығармаларын қазақ тіліне аударып ұсынды. Оны «Үлгілі тәржіме», «Үлгілі бала» жинақтарында мысал әңгімелері мен өлеңдері Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясы» үлгісімен жарық көрген. Спандияр Көбеев мысалдарды өлеңмен де, қарасөзбен де аударды, бала ұғымына лайықтап жазды. Ағартушы, педагог оқушының беделді болуының маңызы туралы айтқан. Ең әуелі оқытушы әр жақты білімі бар, өз дәрісін меңгерген адам болуға тиіс. Қазіргі заманда білім таяз, өз дәрісінен басқаны білмейтін тұйық оқытушы тек оқушылардың алдында ғана емес, жалпы еңбекшілердің алдында да беделді бола алмайды. Өйткені біздің елдің адамдарының мәдениеті кең және терең өсіп барады. Мұғалім қандай болулары керек? Теориясын жақсы меңгерген, ұдайы оқып, педагогикалық мамандықтың жетіле беру жолында арымай – талмай еңбек етіп, ұдайы ізденіп, педагогика ғылымын тереңдей зерттеп, әрбір оқушысының ерекшелігі мен зейінін жақсы білетін, балаларды, өз оқушыларын жақсы көретін, олармен дос, тығыз байланысты, оқушының тәртіпті болуын жақсы тәлім – тәрбиелі және саналы болуын көздеп жүргізетін адам болуы қажет. «Баланы жастан.....» – дейді қазақ мақалы, өте дұрыс айтылған мақал. Баланы мәдениеттілікке, әдептілікке, сыпайлыққа баулу, оның ата – анасының да, мектептің де ең басты міндеттерінің бірі болып табылады. Баланың сабаққа керекті жабдықтарды түгендеп алып, оларды ұқыптап ұстауы. Баланың мектепке келгенде таза киініп, жуынып келуіне, партада дұрыс отыруына мұғалім өте зор назар аудару керек. Оқытушы баланың жасына лайықты оқу материалдарын күні бұрын даярлап алуы керек. Дағды, әдеттің басты – басты түрлері осы айтылғандай жұмыстардан құралады. Бірақ осыларды бала өздігінен біліп, әдет қылып кету үшін, алдын – ала арнаулы жатты, жұмыстарын жүргізу керек, онсыз бала әдеп – тәрбиемен қалыптаспайды. Балалардың барлығы бір мерзімнен бастап тырысып істесе, бұл баланы қоғамшыл, көпшіл дәстүрге баулуда алға басқан ірі адым болып саналады. Сонымен қатар баланың ынта – жігерін арттыра түседі. Баланың қоғамнан бейтарап болмай, белгілі бір мақсатқа өз жолдастарымен бірге ұмтылуына жағдай жасау керек. Егерде мектеп ережесімен мұғалімнің тәрбиесімен оқшауланған бала болса, немесе ызақор, өзімшіл, томырық, ашуланшақ болса, тазалық, денсаулық сақтау жөнінен олқылықтары сезілсе, әрине баланың үй – ішімен байланыс жасап, бұл әдетін қойғызу үшін тереңірек тексеріп, оймен, жоспармен іс қылу керек. Егерде бала белгілі бір жаман әдетке әуестеніп бара жатса, оның ата – аналарымен ақылдаса отырып, бұл әдетін қойғызу жөнінде тиісті шара қолдану керек. Сол жаман әдеттің неге апарып соғатынын балаға әшкерлеп айтып, түсіндірген жөн. Осылайша, оқу – тәрбие жұмысын қадағалап, жоспарлы жүргізген оқытушы балаларға тұрақты білім, саналы тәрбие бере алады... Балаларды оқуға ынталандыру, оларды өнер – білімге қызықтыру, еңбекке баулу, балаларға мектепте ғылым негіздері оқытылатынын ұғындыру арқылы тәрбиелеуге болады. [3, б 35] Атақты ғалымдардың, өнерпаздардың кім болғанын, қалай оқығанын, кейін қандай өнер иесі болғанын баланың ұғымымен сыйымды етіп, қысқа түрде әңгімелеу арқылы, тағы басқа осылар сияқты әр алуан әдістерді қолдану арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Мұны әрбір ата – ана да, оқытушы да жақсы түсінулері керек. Баланың мінез – құлқын түзеу – өте маңызды, өте жауапты жұмыс. Бұл педагогикалық шеберлікті де, төзімділікті де, сақтықты да, ойлануды да керек етеді. Ы.Алтынсарин өзінің төл туындыларында тәрбиелік, нақыл – насихаттық мәніне ерекше көңіл аударып отырды. Сол арқылы жас буынды адамгершілік пен ізгілікке, еңбек пен зейінділікке, өнер – білімге баулуды көздейді. Педагог қызметінде балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмысы ерекше орын алады. Мектептегі оқыту мен тәрбие процесін жүргізуші мұғалім деп таниды. Тәрбиенің тұтқасы – ұстаз, мұғалім, тәлімгер. Ұстаздың жеке басындағы адами қасиеттер, оның білімі мен білігі, оқушыларға деген сүйіспеншілігі жақсы тәрбиенің кепілі болмақ. Мектептің ұйытқысы мұғалім екендігін Ыбырайдың көптеген еңбектерінен көреміз. Мысалы, «Қазақтың болыстық мектептері туралы записка», «1882 жылы Торғай облысындағы оқу жұмысының жайы туралы есеп» тағы да басқа жазбаларында Ыбырай Алтынсарин педагог тұлға жайлы, оның қандай болмағы туралы өзінің ғылыми – педагогикалық көзқарастарын білдіріп отырады. Ыбырай халық ағарту, мәдениет,

әдебиет,өзінің халық ағарту, мәдениет, әдебиет, тіл саласында мүлдем жаңа бағыт туғызып, негізін қалаған аз еңбегімен халқының тарихында, мәдениетінде, санасында өзіне ұсынса қол жеткісіз ескерткіш жасап қалдырды.

Қазіргі таңда Қазақстан білім беру мен ғылым жүйесінің жаңғырту кезеңінде тұрмыз. Өрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледжде, университетте жаңа кәсіби білім алуын, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Ыбрай атамның, белгілі ағартушы С.Көбеевтің ұлы жолын жалғастырып келеміз. Білім саласындағы жаңа реформаларды, өзгерістерді, жаңалықтарды, тәжірибеге еңгізіп, оның нәтижесін, қорытындысын шығару үшін уақыт керек болады. Ұлы тұлғалар оқу – ағарту ісін жүзеге асырып, халық игілігі үшін еңбек етудің үлгісін көрсетті. Олар тарихта салып кеткен білім жолы қарқындап, өркендеп келеді. Мұра етіп қалдырған осы жолын жалғастырып, маңыздылығын ұрпақтың зердесіне сіңіруміз қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары Алматы «Рауан» 1991 ж, 3,4,148 б.
2. «Ы.Алтынсарин өнер білім жұртта» Алматы «Жалын» 1991 ж,123 б.
3. «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы» (6 том) 148 б.

ӨОЖ 37.034

Ы.АЛТЫНСАРИН, С.КӨБЕЕВ ӘДІСТЕМЕЛЕРІНІҢ БҮГІНГІ ПЕДАГОГИКАДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Сейткасимова Динара Сейдуалиевна
педагог сарапшы, бастауыш сынып мұғалімі
«Қостанай қаласы білім бөлімінің № 21
жалпы білім беретін мектебі» КММ
Сейткасымова Гулнар Сейдуалиевна
педагог модератор, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
«Қарабалық ауданы білім бөлімінің М.Сералин атындағы
жалпы білім беретін мектебі» КММ
Кенжетаева Ботагоз Ермекбаевна
педагог сарапшы, бастауыш сынып мұғалімі
«Қостанай қаласы білім бөлімінің № 21
жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай қаласы, Қазақстан
E-mail: dina-kn@mail.ru

Аңдатпа

Бұл жұмыс қазіргі оқу – тәрбие саласындағы шаралардың өткен ғасырларда қалыптасқанын салыстыра жан – жақты зерделеген. Авторлар тарих белестерін сабақтастыра келешек пен ертеңге терең тұжырым жасайды. Еңбек көптеген жастарымыздың тәрбиесіне маңыз берген. Ұрпақ санасын қалыптастырудағы тәрбие мен қоғамның рөлінің ғылыми көзқарастарға ұштасуы. Ол келешекпен жалғасып отыруы маңызды. Ұстаз бен шәкірттің қоғамда алатын орны тереңде.

Түйінді сөздер: педагогика, мұра, идеялары, аударма, шығармашылығы.

Аннотация

В данной работе всесторонне изучены мероприятия в сфере образования в сравнении с теми, что сформировались в прошлые века. Авторы связывают вехи истории и делают глубокие выводы о будущем и завтрашнем дне. Труд придавал большое значение образованию многих из нашей молодежи. Сочетание роли образования и общества в формировании сознания поколения с научными взглядами. Важно, чтобы это продолжалось в будущем. Роль учителя и ученика в обществе огромна.

Ключевые слова: педагогика, наследие, идеи, перевод, творчество.

Abstract

In this paper, activities in the field of education are comprehensively studied in comparison with those that were formed in past centuries. The authors link the milestones of history and draw deep conclusions about the future and tomorrow. Labor attached great importance to the education of many of our youth. The combination of the role of education and society in shaping the consciousness of a generation with scientific views. It is important that this continue in the future. The role of teacher and student in society is enormous.

Key words: pedagogy, heritage, ideas, translation, creativity.